



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

Толстой Ақтипан

aktipan_t@yahoo.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Түрктану кафедрасының оқытушысы

Ғылыми жетекшісі - Н.Г. Шаймердинова

Қазақ тілі көне қыпшақ тілінің тікелей мұрагері болып табылатындықтан тіл тарихын зерттеуде орта ғасырлық армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің алатын орны ерекше.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері ең алғаш XIX ғ. Соңынан бастап жариялана бастады. Зерттеу алғаш шетелдік Г.Алишан, Ж.Дени, Э.Трыарский, Э.Шютц [1] т.б. ғалымдар тарапынан қолға алынса, кейін бұрынғы Кеңестер Одағындағының ғалымдары И.Абдуллин, Т.И.Грунин, Я.Р.Дашкевич [2], т.б. тарапынан жалғасын тапты. Бұл салада отандық ғалымдар А.Н.Гаркавец [3,4], Ғ.Айдаров, С.Құдасов [5] т.б. елеулі үлестері баршылық.

Проф. А.Н.Гаркавецтің басшылығымен осындай ескерткіштердің бірі 2003 жылы «Армян төре бітігінің қыпшақ – поляк версиясы және армян-қыпшақ сот ісін жүргізу кодексі» Львов, Каменец-Подольский, 1519-1594 жж. деген атаумен жарияланды [6].

Жазба ескерткіш кіріспе, зайырлы заңдар жинағы және көбінесе іс жүргізу сипатты қосымша баптар секілді үш бөлімнен тұрады.

Қазіргі кезде "Төре бітігі" ескерткішінің тілдік ерекшеліктері зерттеліне бастады. Ескерткіш тіліндегі етістіктің лексика-грамматикалық құбылысының ауқымды түрі рай категориясының орны ерекше.

Жалпы түркі тілінде болсын, қазақ тілінде болсын білдіретін мағынасы мен тұлғасына қарай рай категориясын бөлуде әр түрлі пікірлер қалыптасты. Қазақ тіл білімінде олардың саны төрттен он беске дейін барса, туыстас түркі тілдерінде үштен он екіге дейін барады.

Ең алғаш қазақ тілінде төрт рай барлығын ғалым Н.И. Ильминский айтса, қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы рай тұлғасының он бес түрін атайды [7].

Рай категориясын тудыратын жұрнақтардың кейбірі ескі түркі жазба ескерткіштерінде ертеден-ақ орын алған. Көне түркі Орхон ескерткіштерінің тілін зерттеуші Ғ.Айдаров рай категорияларының төмендегі жұрнақтарын атап өтеді. Бұйрық рай бойынша: а) нөлдік тұлға *ай-айт, есід-тыңда*. ә) II жақ жекеше/көпше түрінің сыпайы түрі *-ың, -ің, -уң, -уң, -ң. барың-барыңдар, білің-біліңдер*. б) III жақ жекеше/көпше, түрі *-сун(сұн)-сұн. барсұн- барсын (бара берсін)*; г) болымсыз түрі: *алмасұн - алмасын* д) күшейткіш тұлға: *-ғыл/-гіл. білгіл - біліңдер*. Қалау рай бойынша: *-айын, -ейін, -йын, -йін; - алым, - елім, -лым, -лім. адырылмайын - біз бөлінбейміз*. Шартты рай бойынша: *-сар –сер барсар-барса, ерсер-ерсе* деп көрсетеді [8, 1296].

Қалау райлық мағына тікелей сөйлеуші көзқарасына қатысты болады. Түркі тілдерінде қалау райдың екі аффиксі көрсетіледі. *-ай ~ -ый* және *-ғай*. Қалау райдың I жақ көпше түрі де осы аффикстер арқылы жасалады, айырмашылығы *-лы, -лық, -лың, -лым* қосымшалары жалғанады. Соңғы формаларды түркологтар жақ және рай көрсеткіші (Банг В.) немесе жақ және түр (число) тұлғалары (Баскаков Н.А., Севортян Э.В.) деп қарайды. Түркітануда да бұл формалардың шығу тегі жөнінде әр алуан болжамдар бар. Ғалымдардың бір тобы *-ай* тұлғасын *-ғай* морфемасының алғашқы дыбысы түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған десе (Баскаков Н.А., Рагимов М.Ш., Тумашева Д.Г., Джангидзе В.Т. т.б.), келесі бір тобы *-ай* аффиксін “жақсыз” оптативтің (немесе прекатив) реконструкцияланған жалпытүркілік көрсеткіші *-қaj, -каj* тұлғаларынан жасалған дейді (Дени Ж., Кононов А.Н.). Соңғы пікірді жақтаушылар *-қaj ~ -каj* тұлғаларының бұйрық, міндеттілік, мүмкіндік, ниет мәндерін және келер шақ мағынасын алғашқыда бірге (жіктелмей), кейін аражігі ашылып, жеке-жеке білдіруіне сүйенеді. Бұлардан да бөлек, үшінші пікірді Ш. Шукуровтың еңбегінен кездестіреміз.

Ғалымның ойынша, қалау райдың -а(j) формасы және “ескі түрік типіне жататын” -а форманты ауыспалы келер шақ есімшенің -ға көрсеткішінің өзгеріске ұшырауы нәтижесінде пайда болған (*алғам > алам, алғажым > алайым > алым, алғажын > алажын > алаj*) [9, 24-276].

Санамаланған пікірлердің бәріне ортақ нәрсе -ай аффиксінің -ғай формантының фонетикалық бір көрінісі, варианты ретінде түсіндірілуі болып табылады. А.М.Щербак қалау рай тұлғасының прототипі деп әр түрлі мағыналық реңктермен күрделенген -а формалы (жаза, бара типті) субстантивтік-адъективтік қимыл есімін атайды. Яғни аталған форманың дамуы барысында, бір жағынан - модальдық мәндер күшейсе, екінші жағынан - шақтық мағыналар модальдық мәндерді ығыстырып шығарған

Шақтық мағыналардың абсолюттік сипатқа ие болуы -а тұлғалы қимыл есімінің осы шақ және ауыспалы осы шақ ретінде қолданылуынан көрініс тапты. Мазмұны жағынан алғанда қалау рай тұлғалары бұйрық райдың III жағынан басқа рай түрлерінен, формаларынан бөлек тұрады. -ғай/-гей, -қай/-кей тұлғалы қалау райлы баяндауыштар сөйлем мазмұнына қатысты жақ әрекетінің орындалу-орындалмауын сөйлеуші субъектінің қалайтын-қаламайтын сезімі тұрғысында білдіреді. Мұнда іс-әрекеттің орындалу-орындалмауына нақты талап-тілек байқалмайды. Көбінесе ақыл, кеңес, үміттену т.б. мағына-мәнерлерді білдіреді, сондықтан, істің орындалу-орындалмауы субъектінің келешектегі әрекетінің қорытындысына меңзеледі. Сол себепті қалау райдың бұл түрі зерттеулерде пассив қалау рай деп те аталып жүр [10, 696].

Армян-қыпшақ ескерткіштерінде, соның ішінде «Төре бітігі» ескерткіші тіліндегі етістіктің ауқымды бөлігіне -ғай/-гей, -қай/-кей тұлғалары жалғанған. Мұндағы аталмыш аффикстер қалау райында ғана емес, сондай-ақ, мазмұны жағынан бұйрық және шарттылық мағынасында қолданылады.

Жоғарыда айтылғандай қазақ тілінде -ғай/-гей тұлғасы қалау рай білдіреді. Жалпы -ғай/-гей тұлғасының ежелгі қолданысы – шақ мәнін беру. Орхон-Енисей жазбаларында сирек, бірақ қалау, тілек мәнінде келер шақ жасайтын тұлға ретінде қолданылған.

Зерттеліп отырған ескерткіш тілінде -ғай/-гей тұлғасының бұйрық рай мағынасын білдіруі: *här biri kendi erkin tıygay da esinä tutkay ханниң arzanı biyiklikin* (14к., 916) - ... әр адам өз еркін тыйсын және хан абыройының артықшылығын есінде тұтсын (14 бап, 6696), ... *tek ol хul kendi yalız erkli bolgay* (16к., 926) - тек сол құлдың жалғыз өзі ғана ерікті болсын (16 бап, 6706),

Жоғарыдағы сөйлемдерде бұйрық райдың III жақ етістіктің түбіріне бірден жалғанады. Етістік түбіріне жалғанған -ғай/-гей, -қай/-кей көрсеткіштері сондай-ақ III жақтың -лар көптік жалғауын қабылдаған: *töräsi bilä könülgäylär* (39к., 1076) - төресімен әділ қаралсын (39 бап, 6766), ...*kelişläрни yıygaylar da anıñkibik kelişlärdän yıxövnü yasagaylar* (103к., 1476) – келісімімен түсімді жинасын және сол сияқты түсімдерге иіркеу салсын (103бап, 6926). Ал болымсыз түрде -ма/-ме қосымшасынан кейін жалғанып, бұйрық райдың тек жекеше түрінде III жақта қолданылған: *tas bolmagay* (41к., 1106) - жоғалмасын (41 бап, 6776), *харші bolmagay ayılған işlärga* (104к., 1496) – айтылған қаулыларға өз еркімен ештеме қоспасын (104 бап, 6936);

Сондай-ақ ескерткіш тілінде тұйық етістікке -ғай/-гей, -қай/-кей қосымшасы тікелей жалғанып, одан кейін -лар көптік жалғауы қосылып бұйрық рай III жақта қолданылуы кездеседі: *хоуир anıñ üsnä közät dzaht bilä бахмақайлар da közätkäylar* (104к., 1486) – оның үстіне күзет қойып, қырағылықпен қарап күзетсін (104бап, 6936);

-ғай/-гей, -қай/-кей аффикстері ескерткіш тілінде шарттылық мағына білдіреді. Мәтінде тек III жақта қолданылады. Мысалы: *оғул atasın-anasın tövgäy yaman yüräktän* (19к., 946) - бала атасын анасын арам ниетпен ұрса,.. (19 бап, 6716), ...*yaman sözlär bilä uyaltkay* (22к., 976) - жаман сөздермен масқараласа (22 бап, 6716), *tuvärin yebergäy özgänin бахçasına* (35к., 1036) - басқаның бақшасына малын жіберсе (35 бап, 6746);

Аралас құрмалас сөйлем ішінде бірнеше мәрте қайталанатын -ғай/-гей, -қай/-кей көрсеткіштері ашық рай, шартты рай, қалау рай және бұйрық рай мағынасын береді. Мысалы: *Egär ki хulnuñ köñlü bolsa, ki халgay biyi хатına, ki klämägäy ketmägä, anı biyi keräk*

saxlagay xatunu bilä, oylanları bilä, da algay ol xulnı, da bargay yıxovgä, da tanıxlatkay kişilärgä, da anıñ üsnä tanıxlıx bitik algay da aytqay,.. (16к., 92б) - Егер бидің жанында қалуға құлдың ықыласы болса және кеткісі келмесе, онда би оны қатынымен, балаларымен қалдыруы керек және ол құлды шіркеуге алып барсын да оны кісілерге куәландырып, содан кейін ол туралы жазбаша куәлік алсын да айтсын:..(16бап, 670б),

Етістік түбіріне *-ма/-ме* қосымшасынан кейін *-ғай/-гей, -қай/-кей* аффикстері жалғанып шартты райдың III жақ болымсыз түрінде қолданылады. Мысалы: *bolmagay sindirganda* (39к., 107б) - *сындырғанда болмаса* (39 бап, 676б), *kimniñ anıñkibik atı bar ki saxlamagay da ol anıñki atnı ketürmügü* (33к., 102б) -*сондай аты барға ондай атты ұстамау керек десе, бірақ ол аттан құтылмаса* (33 бап, 674б);

Ескерткіш тілінде етістік түбіріне шарттылық мәндегі *-ғай/-гей, -қай/-кей* тұлғаларынан кейін *-лар* көптік жалғауы жалғана алады. Мысалы: *egär ki kimesa yaşırin aqça ya fli xaxkay da anı sezgüylär* (104к., 148б) – *егер де кім жасырын ақша немесе теңге соқса және оны сезін қойса* (104 бап, 693б); *anıñkibik ögüzni öldürgüylar da etin satkaylar da ol aqcanı yarlılarga ülaškäylär* (26к., 99б) - *ондай өгізді өлтіреді де, етін сатып, сол ақшаны жарлыларға үлестіреді* (26 бап, 672б),

Қазіргі қазақ тілінде *-қы//-кі* тұлғалы етістіктердің көмекші етістіктермен тіркесіп келуі арқылы да қалау, тілек мәні беріледі: - Сол біреудің үйіне дәл бүгін барғым келмей тұр. Қалау райдың бұл түрі таза етістік түбірден емес, қимыл есім тұлғасынан жасалған. Оның бұлай жасалуы ертеден келе жатқан құбылыс екенін М.Томанов М.Қашқари сөздігі материалдары негізінде дәлелдейді [11, 106б]. “Барғым келеді” тұлғасының қалау рай мәнінде тұрақталуын семантикалық жіктелумен де байланыстыруға болады. Яғни, етістік қимыл есім тұлғасында дербес қолданылудан қалып, көмекші етістікпен қана айтылатын болған. Мұндай тіркесте жақ жалғауы тек қимыл есімге жалғанады. Өйткені, бұл тіркес құрамындағы қимыл есімі іс-әрекет иесін білдіретін сөзбен изафеттік (тәуелділік) қатынаста болады.

Қалау райдың модальдық мәні шартты рай формалы негізгі етістіктің көмекші етістіктермен және “*игі еді*” тіркесімен күрделеніп келуі арқылы да беріледі. М.Томанов шартты рай тұлғаларының тарихи негізі қимыл есімдеріне *-сағ//-сақ* формасының жалғануында жатқандығын, кейін бұл форма *-сар* кейпінде кездескенін, оған жақ жалғауларының жалғануы тек *-р* дыбысының түсуінен кейін болғанын айтады. Шартты райдың қалау мәнін беруі осы соңғы формаға байланысты екендігін тарихи фактілер негізінде дәлелдейді [11, 108б].

Жоғарыда аталған тіркес “Төре бітігі” ескерткішінде де қолданылады. – *giy-/giy, -kiy/-kiy* аффикстері негізгі және көмекші етістіктерге жалғанып, *edi* көмекші етістігімен тіркес құрап шарттық мағына береді. Мысалы: *pastıxnuñ yaman kütmañıdan yoluxkıy edi egär yoluxmaganına kütiçiniñ dä ziyan bolgıy edi* (102к., 146б) – *егер малышының жаман қарағанынан немесе күтушінің жоқ кезінде шығын болса* (102бап, 692б), *netä bilä atmañtan nañis etkiy edi ya öldürgıy edi, ziyanin tölämañ keräk* (102к., 146б) – *бір нәрсе лақтырып мертіктірсе немесе өлтірсе зиянын төлеу керек* (102бап, 692б);

Шарттылықтың тағы бір түрі *edi esä* (қазақ тілінде «болса» деген мағынаны береді) тіркесі. Мысалы: *aslam berip edi esä* (40к., 108б) - *белгілі бір пайыз берсе* (40 бап, 676б); *kristan edi esä* (27к., 100б) - *христиан болса* (27 бап, 673б);

Сөйлемде негізгі етістікке көсемше қосымшасы жалғанып *edi esä* тіркесі келген. Сондай-ақ көмекші етістікке *-кау* аффиксінің жалғануымен *edi* тіркесі бірігіп шартты мағына береді. Мысалы: *satiñ etkay edi* (107к., 152б) – *сатылуы орын алса* (107 бап, 695б);

Шартты райдың негізгі *-ca/-се* тұлғасы V-VIII ғасыр ескерткіштерінде (Орхон-Енисей жазбаларында) *-сар/-сер* түрінде ұшырасады. Ол *йергеру барсар, түрк будун, өлтечисен*. М.Томанов былай дейді: – “Бұл тұлғаның қазіргі тілдегі осындай тұлғадан бір айырмашылығы – тәуелдік жалғауларды қабылдамағаны. Қай жақта айтылғаны постпозициялық қолданыстағы жіктеу есімдіктері арқылы берілген. Көне түркілік –*сар* аффиксі кейінгі дәуірлерге қатысты жазбалар тілінде соңғы *-р*-сіз кездеседі”. М.Қашқари

сөздігінде, «Аттухватузада» тек қана *-са*. Бұған қарағанда, шартты рай тұлғасы жіктік жалғауларының қосылуы оның құрамынан *-р* элементі түсіп қалғаннан кейін ғана болса керек. Контекстік қолданылуына қарай бірде шартты, бірде істің істелуіне тиіс уақыт, мезгілін білдіріп отырған. Көне түркілік *-сар* аффиксінің *-р* элементі түсіп қалу кезеңін дәл айту қиын. Орта ғасыр жазбаларында тек қана *-са* күйінде кездессе, V-VIII ғасыр ескерткіштерінде тек қана *-сар* болып кездеседі.

Орта ғасыр ескерткіштер қатарына жататын армян-қыпшақ ескерткіші тілінде шартты райдың *-сар* тұлғасы кездеспейді. Алайда *-са/-се* тұлғасы қолданылады. *-са* тұлғасы дара және туынды етістікке жалғанып қолданылады. Мысалы: *ögüz tiri xalsa satılmaḥ keräk* (28к., 100б) - *тірі қалған өгізді (өгіз тірі қалса) сату керек* (28бап, 673б), *ögüzü kimesäni ursa da ol urtaḥtan kiši ölsä* (26к., 99б) - *өгізі кімді сүзсе, ол кісі сол сүзгеннен өлсе* (26бап, 672б);

Етістікке *-са* тұлғасының тікелей жалғануы және етістікке өткен шақ тұлғалы *esä* яғни *болса* көмекші етістігінің келуі арқылы да шарттылық мән береді. Қазақ тілінде жедел өткен шақтың (*мүскен болса*) мәнін берер еді. *kečä tüšti esä* (30к., 101б) - *мүнде мүске* (30 бап, 673б), *yalüz satun alğan esä* (6к., 92б) - *өзін ғана сатып алса* (6бап, 670б);

Шартты райдың *-са* тұлғасы күрделі етістікке жалғанып та қолданылған. Мысалы: *krisdan xul satun alsa* (6к., 92б) - *христиан құлды сатып алса* (6 бап 670б), *a egär ol kiši yebergän naḥiš bolsa* (11к., 82б) - *егер онда жіберген кісі мертіксе* (11бап, 668б);

Шартты райдың *-са* қосымшасынан кейін III жақ көптік *-лар* қосымшасы қолданылып жасалған мысалдар: *oḡullar birdirsalar törägä da* (21к., 97б) - *төреге балалар дәлелдесе* (21 бап, 671б), *egär ḥaysi biylär tamḡa tutsalar* (104к., 149б) – *егер билердің кейбіреуі тамға жинаса* (104 бап, 693б), *Egär ol yūhovni burungi yerinä yasama bolmasalar* (103к., 147б) – *Егер ол шіркеуді бұрынғы жеріне салуға болмаса* (103 бап, 692б);

Алайда армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілін зерттеген С. Құдасов «Дана Хикар сөзінің тілі» атты монографиялық еңбегінде етістіктерді зерттей отыра: «Ескерткіш тіліндегі рай категориясы қазіргі түркі тілдеріндегідей етістіктің шақ, жақ категорияларымен байланысты болып келеді. Олар төрт түрлі - ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай және тұлғалық көрсеткіштері жағынан бірдей емес. Ашық райдың арнайы қосымшасы болмағанымен шақ формалары бар. Ал басқаларына рай формаларын туғызатын қосымшалар тән болып келеді» дейді.

«Дана Хикар» тіліндегі етістіктің бұйрық рай категориясының I жақ жекеше түрі - *iim* қосымшасы арқылы жасалса, бұйрық райдың II жағы мынадай формаларда келеді:

а) қосымшасыз түбір тұлғада. Мысалы, көр көзуң біла /57, 29/ “көзіңмен көр”,

ә) –гін, –қын қосымшаларымен: тергагін /58, 22/ “тергегін, тексергін”,

б) –іңіз: өлтіңіз де кесіңіз /61, 27/ “әкеліңіз де (басын кесіңіз)”;

Бұйрық райдың үш жақ көрсеткіші –сін түрінде бір-ақ рет кездеседі: джаһт етсін /62, 27/.

«Дана Хикар» тіліндегі шартты райдың жұрнағы *-са/-сә* түрінде келіп етістіктің болымды, болымсыз түрлеріне қосылып жалғанады және жіктік жалғауын қабылдайды. Кейде *егер* жалғаулығымен келетін жері де бар. Мысалы; *егар сыңарың хасталанса* /57, 27/ “егер жолдасың ауырса”.

«Дана хикар сөзінде» қалау райдың тұлғалық көрсеткіштері *-ғай, -қай, -ғай, -кай* түрінде келеді.

Қорыта айтқанда: Армян-қыпшақ ескерткіштерінде райдың барлық түрі қолданылады. Дегенмен «Төре бітігі» ескерткіші тілінде басқа райларға қарағанда ең көп қолданылған райлар – бұйрық және шартты рай болып отыр. XVI ғасырда негізінен қалау райдың *-ғай, -ғай* аффикстері басқа рай түрлерінің (бұйрық, шарт) жасалуына негіз болған. *-giy/-giy, -kiy/-kiy* аффикстері негізгі және көмекші етістіктерге жалғанып, *edi* көмекші етістігімен тіркес құрап шарттық мағына бергені анықталды. Шартты райды жасауда *-са//сә* тұлғаларының белсенділігі жоғары болғандығы және ескерткіш тілінде *-са//сә* тұлғаларынан кейін көптік жалғау жалғанғандығы анықталды.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Schutz E. An Armeno-Kipchak Text from Lvov. // Acta Orientalia Hungarica. – №15 (1-3), – Hungary, 1962. – P. 291-309.
2. Дашкевич Я.Р. Кто они - «армяне-кыпчаки»? // ԲԱՆԲԷԴ ՄԱՏԵՆԱԴԱՐԱՆԻ. №16. ԵՐԵՎԱՆ, 1994. 58-110 бб.
3. Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки: куманский и армяно кыпчакский. -Алма-Ата: Наука, 1987.
4. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Каталог и тексты памятников армянским письмом. Т. I. -Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002.
5. Құдасов С. Армян жазулы кыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. -Алматы: Ғылым», 1990. Дана Хикардың ұлына айтқан өсиеттері. -Шымкент: «Жібек жолы», 2000.
6. Төре бітігі. Армяно-кыпчакский Судебник 1519-1594 гг. / Составители: А. Гаркавец, Г. Сапаргалиев, М. Капраль, М. Цимбал/. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, Баур, 2003.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
8. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 182 б.
9. Шукуров Ш.Ш. Наклонения и времена глагола в письменных памятниках узбекского языка. // АДД., – Ташкент, 1974. – С. 158.
10. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 292 б.
11. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 192 б.